

Жақыпов Ж.

Ұлының ұлтарағын иіскеген де ұлағат: Бірақ, ондай сәт маған бұйырған жоқ/ Ж. Жақыпов // Орталық Қазақстан.- 2005.- 26 ақпан.

Менің тоқтаусыз жас шағымдағы арманым жазушы болу болатын. Ауылымды, өзімді жазғым келетін. Сол арманға қол жеткізудің жолы – Қазақ университетіндегі журналистика факультеті. Осы факультетке талапкер болдым, - болмады. Шығармашылық таластан өтемін, бірақ қайтсем де құлаймын.

1977 жылы марқұм Дәулетбек Мақашпен бірге абитуриент болдым. Оқиға қызық-ақ. Бірақ қысқартайын. Мен Совет Армиясының шақыру қашқыны болғандықтан, құжатымды ҚазМУ қабылдамады. Лағып қалдым. Дәулет досым: «Қарағандының университетіне бар. Онда жататын жер табасың», - деді. Тілін алдым. Танымайтын Қарағандыға келдім. Қысқасы, емтихандарды жақсы тапсырдым. Сол кезең бойынша өтер ұпай (20,5) жинадым.

Құжаттарды қабылдаған Сафура апай дер кезінде маған өте алмайтынымды айтты. Себебін айтқан жоқ. Айтқаны: «Сен күшті баласың, өзің жетім екенсің, жауапты хатшы Карамзинге бар, жетім екенінді айт», - деді (техникалық хатшыда одан артық бар ма?). Бардым. Кейін білдім Н.Карамзиннің қолында әлеует барекен. Ол: «Заңгерлікке құжаттарыңды ауыстыр, комсомолдық жолдамаң бар (мен комсомолдық жолдамамен 3 жыл қой бағып едім) екен, өтесің»,— деді. Мен орысшам жеткенше тіл мен әдебиет жолындағы адам екенімді түсіндірдім. Ол иығын қақты, мен шығып кеттім де, апамдай болып кеткен Сафура апайға келіп: «Болмайды»,— дедім.

- Ректорға бар,— деді апам.

- Академикке ме?

- Иә, қорықпа, маған айтқаныңның бәрін айт.

Сонымен, мен ректордың қабылдауын сұрап кабинетіне бардым (бұған дейін ректорға мен жетімнің 28 жасында жесір қалған шешем Орал кіріп шығыпты). Шешей мені Қарағандыдан таба алмай қайтыпты. Хатшысы қабылдайтын нақты уақытты айтты.

Мен мектептегі кездесуді еске алдым. 1973 жылы, мен 10-класс оқып жүргенде, академик Е.Бөкетовпен кездесу болып еді. Ол кезеңде журналист болғым кеп жүрген басым, ол Кісінің елдегі екінші университет дегеніне қарамай, «журналистика» ашыла ма дегенім есімде. Ол кісі:

«Болады, болады» - деді. Жауапқа қанағаттанған жоқпын. Түбегейлеуді мақсат етпедім. Өйткені ҚазМУ-дың журналистикасында үмітім бар еді.

Сонымен, уәделі күн, уәделі сағатта академиктің кабинетіне кіріп келе жатырмын, неге екенін білмеймін. тізе дір-дір етеді.

Төрде орынтақта отыр екен. Тосырқап тұрып қалған мені қолын созып алдымдағы орындыққа отыруды бұйырды.

- Иә, бала, бұйымтайыңды айт.

- Үш жыл болды, оқуға түсе алмай жүрмін.

- Неге?
- Біресе тарихтан құлаймын, біресе конкурстан өте алмай қаламын.
- Иә. Осы жолы абитуриенттік жолымда бірінші рет жоғары ұпай алып отырмын. Шығармадан «бес», ауызшада «бес», тарихтан «төрт» алдым.
- Әлі жассың ғой?
- Менен де жастар түсіп оқып жатыр. Оның үстіне партия шақыруымен қой баққанмын. Жалғыз шешем бар.
- Сен, тоқта, қойды қай жерде бағып жүрсің?
- Қорғалжында.
- О, Қорғалжын деген жер, оның көлдері қандай!
Мен ширап кеттім, жеріммен таныстығын білген соң:
- Аға, оқуға түссем жақсы оқимын, оқуға бар жанымды саламын,— дедім.
- Жарайды, жақсы, - деді ол Кісі.
Бұрылып жүре бердім де, шыға берісте Алланың берген тауыпығы ма:
- Аға, «Қазақ тілі мен әдебиетіне» келіп жатырмын,- Жакупов Жантаспын,- дедім.

- А-а, филфак, Жакупов, 8-август,— деп алдындағы күнтізбесін аударып жатты, мен шығып кеттім.

Мен осылайша Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті болдым.

Біздің студент кезімізде (1977-1982 жылдар) ақын-жазушылармен кездесу, әйгілі филологтардың бізге дәріс беруі оқыс оқиға болмайтын. Ол - Е.Бөкетовтің арқасы.

Ректордың студент кештеріне қатысуында оғаштық болмайтын. Ол – ұлының үлгісі еді.

Қазір ақын, халықаралық Алаш сыйлығының иегері досым Ғалым Жайлыбаев: «Жүр, ректормен сөйлесеміз»,— деп сүйрей жөнелді. Бардық. Барсақ, ректор жұртты жинап алып «Қарағанды университеті» көп таралымды газетінде қазақ тілінде материал аз екенін сөз етті. Ол үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқып жүрген студенттерді редакцияға тартуды сол кездегі орыс редакторға міндет етті.

Тағы бір көрініс. Оңтүстік-Шығыстағы бас корпус салынып жатқан кез. Құрылыстағы қалдықтарды сенбілік жасап жинаймыз. Сөйтіп, жұмыс істеп жатқанда, ректор келе қалды. Тосылып тұра қалдық. Ректор жайдары: «Ау, балалар, «Ассалаумағалейкум» қайда?». Бәріміз қолымызды ала жүгірдік.

Еске түсіп отыр. Тобымызда бірге оқитын жігіт кешірілместей «күнә» жасады. Оқудан шықпақшы батырың мұңын шағып ректорға бір дәптер ғып елең жолдайды ғой. Содан ректор бұйрық шығармай тұрып, сол кездегі декан, ардақты азамат, марқұм Болат Байтанаевқа: «мынаны көрші, өлеңге таласы бар жігіт сияқты» деп дәптерді ұсыныпты. Нәтижесінде біздің жігіт оқуда қалып, жап-жақсы бітірді.

Ұмытпасам, ақын, Ә.Тәжібаевтың бір белгілі жасқа толу кезеңі. Кеш ұйымдастырдық. Адам аз болды. Күтпеген жерден Е.Бөкетов жазушы

Ж.Бектұровты ертіп келе қалды. Селдіреп отырғанымызды көріп: «Бұл кешті тоқтата тұрайық, ол кісі тірі, аруақ емес пе?»— дегені есімде.

1978 жылы 9 май күні шеру болды. Ел бір бөлек. Е. Бөкетов Совет өкіметінің екі диссиденті жазушы Ж.Бектұров пен ҚазМУ-дың аға оқытушысы, «Есеп» партиясының мүшесі Айтбай Нәрешевті, екі «халық жауын» екі қолтығына алып өз бетімен келе жатыр.

Бұл - Бөкетовтің жазықсыз жапа шегіп жүрген кезі. Тәрізі өзі құрған ХМИ-дан (химия-металлургиялық институт) шығып келе жатқан болса керек. Қарсы кездестік. «Ассалаумағалейкум»,— деп сәлем бердім. (Бұл - менің басынғаным десе де болады, ректор болып жүргенде жанына жолау қайда?!). Қолымды алды да: «ҚарМУ-дың баласы шығарсың?» - деді. «Иә», - дедім. Менің одан әрі сөйлесуге шамам жетпеді, тоқтамай өте бердім. Ұлы аға, енді кездессең ғой!

Ұлының ұлтарағы дегенім оның ізі ғой. Ұлының алдында тізерлесек, ешкім сөкпес, керісінше, биіктеріміз.